



«Әлихан еккен ағаш» атты төмендегі мақала осыдан 25 жыл бұрын Кеңес Одағы тараудан жеті ай бұрын жазылып, Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің жастарға арналған қоғамдық-саяси, әдеби-көркем журналы «Арайдың» 1991 жылғы №5 санында жарияланды. Журнал екі тілде шығатын. Орысша атауы – «Заря».

Бұл Алаш арыстарының ақталғанына бір жыл бес ай ғана толған кез еді. Сол кезеңде Әлекең жайлы ауыз толтырып айтарлықтай ой түйіндеулер мен шағын пікірлер болмаса, күрделі зерттеу еңбектер туа қоймаған-ды. Алашқа қатысты деректер Мемлекеттік Қайыңсыздық Комитетінде құпия сақтаулы еді. МКК архивіне кез-келген зерттеушілерді жолата бермейтін. Әлекең, т.б. Алаш арыстары туралы ғылыми ортаның көзқарастары да бір арнаға тоғыса қоймаған. Әлекеңді «халық жасауы», «контрреволюционер» ретінде танып, түсінік қалыптастырған кейбір ғалым ағаларымыздардың жасқаншақтық танытқаны да шындық еді. Тіпті, Әлекеңнің қайда туғаны да дауға айналған болатын. Соған орай Шәкәрімнің: «Қоныс белгісі-бейіт» деген анықтамасы негізінде Әлекеңнің ақтоғайлық екенін дәлелдеу мақсатында жазылып, ата-бабалары тыныстап жатқан «Талдыбейіттің» суреті қоса жарияланды. Әлихантуға сол жылдары қосқан мысқалдай үлесім және қуыскеуделердің ісіне наразылығым еді деп, аудандық газетке ұсынуды жөн санадым.

Аманкелді Туғанбай.

ӘЛИХАН ЕККЕН АҒАШ

Тоқырауын бойында көне зират басында өрімтал өсіп тұр

Бұл ағашты Әлихан өз қолымен еккен

Әр заманның өз жұлдызы болады. Әлихан Нұрмұханбетұлы Бөкейханов ХХ ғасырдың басында қазақ елінің төрінде жанған жарық жұлдыздардың бірі. «Егер Ә.Бөкейханов 1917-1919 жылдары өз соңына даланың интеллектуалдық тұрғыдан неғұрлым әзірлігі мол негізгі тобын ілестіре алған болса, демек, ол солардың бәрін маңына топтастырып, аузына қарата алғаны. Басқа сөзбен айтқанда, ол нағыз саяси лидер, жеке тұлға, фигура болатын», – деп бағалайды Әлекеңнің қызметін тарих ғылымдарының докторы А.Сармұрзин «Қазақ әдебиеті» газетінде (1989 жылғы №27 саны).

Тарих – өшпес мұра. Оның таразысы – әділ, өлшемі – дәл. Бүгінде Әлекеңнің аққан жұлдызы қайта жанып, тарих таразысында әділ бағасын алып жатса, қайтіп қуанбассың! Бұдан бірнеше ғана жыл бұрын Әлекеңнің туған жерін атап, еске алу түгілі, оның аты-жөнін ауызға алудың өзі қылмыс саналды ғой...

Ә.Бөкейхановтың саяси қызметі мен қоғам қайраткері ретіндегі еңбегін және тарих, экономика, әдебиет, публицистика саласындағы ғылыми жұмыстарын ғалымдар айта бастады. Біз – жерлестері, қоғамның осындай әділ қадамын құптай отырып, Әлекеңнің кіндік кескен жеріндегі тың деректерден «Арайдың» мыңдаған оқырманын құлағдар етпекшіміз.

Әлихан ауылдастарының айтуынша, 1866 жылы Тоқырауынға құятын арналы өзенінің бірі – Жіңішкенің бастау алар тұсы Ақсораң тауының баурайында туған. Төре тұқымнан шыққан Әлиханның арғы атасы осы өңірге ХVIII ғасырдың орта тұсында Қарқаралыдан келіп қоныс теуіпті. Әлекеңнің ұрпағы Қасенхан Алтынбековтің айтуына қарағанда, ағайын арасындағы

бір ашу-араздықтан шағын ауыл жырыла көшіп, Жидебай бидің қол астынан жылы қоныс тапқан.

Бөкейхан – Әлиханның төртінші атасы. Бөкейханнан тоғыз ұл тарайды. Олар: Шыңғыс, Есім, Уәлі, Тәуке, Батыр, Сұлтанғазы, Әбілғазы, Әбіл, Мәмбет. Осы аталған ұрпақтардың ішінен Батырдың бір баласы – Нұрмұханбет, ал одан Әлихан туған. Әлиханның бір ұл, бір қызы болған. Олар Мәскеуде тұрды. Геолог-инженер ұлы Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Жезқазғанның мол мыс кенін ашуға, пайдалануға

сыбағалы үлес қосқан адам. Естуімізше, ол 1957 жылы Оңтүстік Орал маңында белгісіз жағдайда қайтыс болған.

Әлиханның немересі – Евгений Сергеевич (Өкітайұлы) Бөкейханов – техника ғылымының кандидаты, көп жылдан бері Мәскеудегі Байланыс институтында қызмет етеді, доцент. Ал, қызы – Елизавета Әлиханқызы Сәдуақасова (Елизавета Қазақстанның белгілі қоғам қайраткері әрі журналист-жазушы Смағұл Сәдуақасовтың жұбайы еді) жетпісінші жылдардың бас кезінде дүниеден қайтты. Ол медицина ғылымының докторы, хирург, КСРО Денсаулық сақтау министрлігінде лауазымды қызмет атқарған. Жоғарғы Аттестациялық комиссияның мүшесі болған, Ұлы Отан соғысының ардагері еді. Сол үшін де Елизавета Әлиханқызының есімі «Қазақ Совет Энциклопедиясына»

енген.

Әлекеңнің аталас ағайындары Тоқырауын бойында тұрады. Қазір «Жіңішке» деп аталатын мал бордақылау алаңының күн шығысында Әлиханның ата-бабасына арналған зират бар. Әкесі Нұрмұханбет те осында жерленген. Оны көнекөз қариялар «Төре бейіті» десе, бүгінгі ұрпақ «Талдыбейіт» деп те атайды. Өйткені, зират басында жапырағы сеңсең болып әсем ағаш өсіп тұр. Бұл ағашты 1905 жылы Петербургте Орман шаруашылығы институтын бітірген Әлихан Бразилиядан арнайы алдырған өз қолымен егіпті. 1932 жылғы ашаршылықта Қарқаралы уезінен Балқашқа қарай жөңкілген халықтың бір тобы осы зиратты паналап, үш жас ағаштың екі сыңарын кесіп отындыққа жаратқан, – дейді Әлиханның немере інісі Райымжан ақсақал.



Алпысыншы жылдары осы зиратта Ә.Бөкейхановқа арнап, оның Смахан атты інісі мен қызы Светлана ұлағатты сөз жазып, құлпытас орнатқан. Ұмытпасам: «Қазақтарға нұр болған»... – деп басталатын бір шумақ өлеңі бар еді. Сол өлең Қарағанды облысынан келген бір жоғарғы қызметтегі әкімге ұнамай қалып, қайта қашалып, өшіріліп тасталған-ды.

Ә.Бөкейхановтың сүйегі қай абақтының төрінде қалғаны бізге белгісіз, әрине. Әйтсе де, қалірілі ағаның құрметіне өз туған жерінде белгі орнатқанның қандай сөкеттігі бар еді?! Ескерткіш орнату, құлпытас қою барлық елдің дәстүрі емес пе?! Әлиханның кім болғанын білмей тұрып, оның атынан, «Алашорда» деген сөзден қорыққан қуыскеуделердің ісі ғой бұл...

Тоқырауын тынысы.2016.16.қыркүйек.8,б.